

Степной поселкесіндегі мүліктік кешен мен Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 33738 әскери бөлімшесінің материалдық-техникалық базасын одан әрі пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 маусым N 689

Торғай облысы Державин ауданы Степной поселкесінің өндірістік-әлеуметтік инфрақұралдарының және 33738 әскери бөлімшесінің материалдық-техникалық базасының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын әскери-техникалық мүлікті қабылдасын.
2. Торғай облысының әкімі әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, коммуналдық мақсаттағы объектілер мен Степной поселкесіндегі тұрғын үй қорын жергілікті атқарушы органдардың қарауына қабылдасын.
3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындарға Степной поселкесіндегі электр беру желісін, басқа электр жүйелері объектілерін "Головная" 35-10 кВт көмекші станциясының балансына қабылдауды тапсырсын.
4. "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы Торғай облысы әкімінің келісімі бойынша халық шаруашылығы кешенінде пайдалануға мүмкін болатын байланыс желілері мен басқа да объектілерді балансқа қабылдасын.
5. Тың темір жол басқармасы кірме жолдар мен бұрынғы әскери бөлімшенің тұйық шаруашылығын балансқа қабылдасын.
6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Торғай облысының әкіміне Тың темір жол басқармасына, Есіл электр жүйелері кәсіпорнына, Торғай облыстық телекоммуникациялар кәсіпорнына 33783 әскери бөлімшесінен бұрын қабылданылған, арнаулы техникалар мен тетіктер ішінен, қабылданған объектілердің одан әрі пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін тізбеге сәйкес қажеттілерін берсін.
7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті аталған мемлекеттік мүлікті қабылдау-беруді белгіленген тәртіппен жүргізісін.
8. Степной поселкесінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін объектілердің істен шығуын болдырмау үшін, инженерлік қамтамасыз ету үшін берілетін объектілердің қызмет көрсетуі бойынша коммуналдық шаруашылық кәсіпорындар құру, оларды қысқы жағдайларда жұмысқа дайындау үшін Торғай облысының әкіміне төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған Қазақстан республикасы Үкіметінің резерв

қорынан 100 млн. теңге бөлінсін.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қазақстан

Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі 1997 жылдан бастап Торғай облысының әкімі инвестициялық жобалар бойынша ұсынған берілетін өндірістік алаңдарды қайта жаңғыртуды қаржыландыру үшін кредиттік ресурстар бөлуді қайта қарасын.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының аумағында стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын жою жөніндегі Үкімет комиссиясына жүктелсін.

Қазақстан республикасының
Премьер-Министрі